

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы 35 -апта

Білім беру ұйымы: «Дән» бөбекжайы МКҚК
 Топ: Әр түрлі жастағы «Қарлығаш» тобы
 Балалардың жасы: 2,3
 Жоспардың құрылу кезеңі: 28.04 - 02.05.2025

Тәрбиешілер: Калымсеитова А.К., Оразғали Ә.М.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 28.04.2025	Сейсенбі 29.04.2025	Сәрсенбі 30.04.2025	Бейсенбі 01.05.2025	Жұма 02.05.2025
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертенгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Ойын орталықтарындағы балалардың еркін ойындары, көктемгі ауа-райы, ойыншықтар, демалыс күндері, алдағы күн туралы сөйлесеміз, балалардың тілектерін тыңдаймыз. (сөйлеу белсенділігін дамыту-сұрақтарға жауап беру, басқалардың сөйлеуін есту және тыңдау қабілеті, коммуникативті, ойын әрекеті арқылы) Сөздік қоры: Сәлеметсіз бе, Сәлеметсіздер ме!				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кенес, әңгімелесу	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райы, киінуі бойынша әңгімелесу. Баланың жағдайы, денсаулығы туралы, баланың үйдегі күн тәртібі туралы, тәрбиесі туралы, жаңадан келген балалардың бейімделу кезеңі туралы сұрақтар бойынша ата-аналармен жеке әңгімелесу.				
Балалардың іс-әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Шаттық шеңбер (музыка-ойын әрекеті арқылы музыканың айтылу сипатына сәйкес музыкалық қозғалыстар жасау.) Сендерді «Шаттық шеңберіне» шақырамын. Кәнеки, бір-бірімізбен амандасайық! Қолымызды ашайық, Күннің нұрын салайық, Жүрекке жылу сыйлайық, Жинаған жылы шуақты Бір-бірімізге шашайық.</p> <p>Әңгімелесу: «Үй жануарларға не жатады?» (танымдық, ойын әрекеті арқылы қоршаған ортамен танысу) Міндеті: Балаларды төрт түлік мал және оның төлдерімен таныстырып, оларға түсінік беру, төрт түлік малдың төлдерін дұрыс атауға, әңгіме мазмұнын айта білуге үйрету. Сөздік қоры: қой, сиыр, ат, түйе. Апталық тақпақ: (көркем әдебиет - өлеңнің мазмұнын түсінеді) Қой Қой баласы қонырым, Қойдан жуас момыным. Шопан ата түлегі</p>				

	<p>Қошқаным қайдасың. Еңбек: табиғат бұрышында, ойын бұрышында, шығармашылық бұрышында Максаты: табиғат бұрышындағы өсімдіктерге, балықтар мен тасбақаларға күтім жасауға көмектеседі, тәрбиешіге аквариумға күтім жасауда қолдан келгенше көмек көрсетеді, ойын бұрышында тәртіпті сақтайды және ойыншықтар жинауға көмектеседі.</p>				
Ертенгілік жаттығу	№ 35 Таңғы жаттығу кешені (АКТ қолданумен) (физикалық белсенділікті дамыту) «Көңілді жаттығу!»				
Таңғы ас	<p>Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою.) такпак: (көркем әдебиет - өлеңнің мазмұнын түсінеді) Ас ішерде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; әдептілікті сақтау; Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: Рахмет.</p>				
Ұйымдастырылған іс- әрекетке дайындық	<p>Кіріктірілген ұйымдастырылған іс- әрекет «Төрт түлік мал»</p> <p>Д/О: «Бұл не?» Міндеті: Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. көркем әдебиет- коммуникативтік қызмет)</p>	<p>«1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі күніне» орай іс шара өтті.</p> <p>Д/О: «Суретте не бар?» Міндеті: Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиеті- коммуникативтік қызмет)</p>	<p>Д/О: «Қызыл пішіндер» Міндеті: Заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп) (сенсорика негіздері- танымдық қызмет)</p>		<p>Д/О: «Суреттегі төлдерді ата» Міндеті: Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. (көркем әдебиет- коммуникативтік қызмет)</p>
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиеті «Төлін тап» ойыны (2 жас) Міндеті: Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Сөздік қоры: бұзау,</p>	<p>Дене тәрбиесі «Кім алғыр?» ойыны (2 жас) Міндеті: Отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату,</p>	<p>Сенсорика, математика негіздері «Кім тез табады?» ойыны (2жас) Міндеті: Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын</p>		<p>Музыка «Әнді қайталайық тыңдайық» ойыны (2 жас) Міндеті: Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және</p>

<p>kozy, бота</p> <p>(3 жас) Міндеті: Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Сөздік қоры: козы, лак</p> <p>Сенсорика, математика негіздері «Көз бен қол» ойыны (2 жас) Міндеті: Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Сөздік қоры: моншақтар</p> <p>«Бірдей заттарды салыстыр» ойыны (3 жас)</p>	<p>доптарды бір-біріне домалату. Сөздік қоры: жүру.</p> <p>(3 жас) Міндеті: Тура жолмен, бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру. Сөздік қоры: шапшаң.</p> <p>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет «Бұл қандай ертегі?» ойыны (2 жас) Міндеті: Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Сөздік қоры: үйшік</p> <p>Қазақ тілі «Есімін ата» (3 жас) Міндеті: Өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы</p>	<p>қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Сөздік қоры: пішіндер</p> <p>«Бір» ойыны (3 жас) Міндеті: Заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп) Сөздік қор: доп, доптар</p> <p>Дене тәрбиесі «Ізімен жүріп, қайтала» ойыны (2 жас) Міндеті: Отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату. Сөздік қоры: аю</p> <p>(3 жас) Міндеті: Тура жолмен,</p>	<p>көңілді әндер) ажырата білу. Сөздік қоры: ән.</p> <p>(3 жас) Міндеті: Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету. Сөздік қоры: ән айту.</p> <p>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет «Менің сүйікті ойыншығым» ойыны (2 жас) Міндеті: Шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға үйрету. Сөздік қоры: қуыршақ, доп</p> <p>(3 жас) Міндеті: Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Сөздік қоры: көліктер</p>
---	---	---	---

<p>Міндеті: Өлшемдері карама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру. Сөздік қоры: пішіндер</p> <p>Қоршаған әлеммен таныстыру «Көліктердің көлеңкесін тап» ойыны (2 жас) Міндеті: Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. Сөздік қоры: мәшине, поезд</p> <p>«Бұл не?» ойыны (3 жас) Міндеті: заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру. Сөздік қоры: үйрек, қаз</p>	<p>сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. Сөздік қоры: дос, достар</p> <p>Сенсорика, математика негіздері «Көленкесін тап» ойыны (2 жас) Міндеті: Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Сөздік қоры: құралдар</p> <p>«Көк түсті текшелер» ойыны (3 жас) Міндеті: Заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу</p>	<p>бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру. Сөздік қоры: жүру.</p> <p>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет. «Не істеді?» ойыны (2 жас) Міндеті: Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Сөздік қоры: ертегілер</p> <p>(3 жас) Міндеті: Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Сөздік қоры: ертегі</p>		<p>Сенсорика, математика негіздері «Түсі бойынша жина» ойыны (2 жас) Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Сөздік қоры: сары, қызыл</p> <p>(3 жас) Міндеті: Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру. Сөздік қоры: көк, ақ</p>
---	--	---	--	--

		(біреу-көп) Сөздік қоры: көк			
	Ұйымдастырылған іс әрекеттер арасында сергіту сәттерін өткізу.				
Серуенге дайындық №1	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау «Киімді қалай киюге болады?» әңгіме Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қалап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қалағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек. (Сөйлеуді дамыту-коммуникативті қызмет)				
Серуен №1	Кешен № 35 Құстарды бақылау (қоршаған әлеммен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Міндеті: құстарды ажыратып, ұшуын ажыратып бақылауға дағдыландыру. Еңбек әрекеті: құстарға жемсауыт жасау, жем беру. Міндеті: құстардың адам қамқорлығына зәру екендіктерін түсіндіру. Қимылды ойын: «Тапқыш» Міндеті: Балаларды шапшаңдыққа жылдамдыққа үйрету, достыққа, ізгілікке баулу. (дене қозғалысы)	Кешен № 35 Күнді бақылау (қоршаған әлеммен танысу, сөйлеуді дамыту) Міндеті: күннің нұрын бақылауға дағдыландыру. Еңбек әрекеті: ауланы қоқыстардан тазалау. Міндеті: еңбекқорлыққа, тазалыққа баулу. Қимылды ойын: «Ақ серек-көк серек» Міндеті: ойын мазмұнына сай қимылдар жасайды, шапшаң, жылдам болуға дағдыланады. (дене қозғалысы)	Кешен № 35 Ауа райын бақылау (қоршаған әлеммен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Міндеті: ауа райын ажырата білуге баулу. Еңбек әрекеті: гүл егетін жерді тазалау. Міндеті: бірлесе еңбек етуге қамқорлық жасауға тәрбиеленеді. Қимылды ойын: «Бес тас» Міндеті: шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа, талпынысқа баулу. Бір-бірімен шамалас 5 тас алып жинау. (дене қозғалысы)		Кешен № 35 Құстарды бақылау (қоршаған әлеммен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Міндеті: құстарды ажыратып, ұшуын ажыратып бақылауға дағдыландыру. Еңбек әрекеті: құстарға жемсауыт жасау, жем беру. Міндеті: құстардың адам қамқорлығына зәру екендіктерін түсіндіру. Қимылды ойын: «Кім шымыр» Міндеті: Балаларды шапшаңдыққа жылдамдыққа үйрету, достыққа, ізгілікке баулу. (дене қозғалысы)
Серуеннен оралу	Жүйелі түрде шешіну, киімді шкафаға салу, қолды жуу				
Түскі ас	Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою) Өтіпті ғой бір апта, Сен кел елі қасыма. Жуынбапсың бірақ та				

	<p>Су тимепті-ау шашыңа! (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: Рахмет.</p>				
Күндізгі ұйқы	<p>Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды, өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Ұйқы кезінде бала басына көрпені жауып, мұрнын жастыққа көміп тастамауын, жастықта баланың денесі емес, тек басы жатуын қадағалау. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Ертегі оқу. «Үш аю» Мақсаты: Балаларға шын көңілден шаттық көңіл күй сыйлау. Балаларды ертегінің мазмұнын дұрыс түсініп, сұраққа жауап беруге үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің іс — әрекетін сезіну және одан әсер алу, қызығушылық әрекетін қабілеттерін ояту. Ертегілер арқылы балаларды адамгершілікке, мейірімділікке және адалдыққа тәрбиелеу. (көркем әрекет-коммуникативті қызмет)</p>				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p>№ 35 кешен: Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүртеді қолыңды, Сүртеді жоныңды. (мәдени-гигиеналық дағдылар).</p>				
Бесін ас	<p>Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою) Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: қолды жуу, сүлгі, ас болсын!</p>				
Балалардың дербес іс-әрекеті	<p>Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру Ойын: «Түрлі түсті дөңгелектер» (2 жас) Міндеті: Дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен</p>	<p>Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру Ойын: «Сары тостаған» (2 жас) Міндеті: Кесені, тостағанды, табакты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін</p>	<p>Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру Ойын: «Әдемі гүлдер» (2 жас) Міндеті: Фланелеграфта гүлдерді орналастыру. Сөздік қоры: гүлдер Ойын: «Ою-өрнекті</p>		<p>Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру Ойын: «Поезд» (2 жас) Міндеті: Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту.</p>

	суреттер салу. Сөздік қоры: сары, кызыл, көк Ойын: «Ою-өрнектер» (3 жас) Міндеті: Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Сөздік қоры: оюлар	саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру. Сөздік қоры: тостаған (3 жас) Міндеті: Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Сөздік қоры: сары	шаршы» (3 жас) Міндеті: Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау. Сөздік қоры: шаршы		Сөздік қоры: поезд Ойын: «Менің қиялым» (3 жас) Міндеті: Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сөздік қоры: сурет
Балалармен жеке жұмыс	Балалармен жеке жұмыс жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т. б. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)				
	2 жас Аманай Ансар Қайрат Муслим Максұт Тамерлан Галиасқар Зайнаб Д/ойын: «Артығын тап» Міндеті: тіл байлықтарын, сөздік қорларын молайту. Оң және сол қолдың саусақ ұштарын қысу және ашу қимылдарын дамытуға ықпал ету. (сөйлеуді дамыту коммуникативтік қызмет)	3 жас Даурен Рамина Бейсенова Аружан Мұқажан Нармина Мұрат Данелия Д/ойын: «Үй жануарларын тап» Міндеті: тіл байлықтарын, сөздік қорларын молайту. Ойынға деген қызығушылығын дамыту. (сөйлеуді дамыту коммуникативтік қызмет)	2 жас Есмағамбетов Алдияр Шаншархан Жангир Нағметулла Асан Серік Бахытжан Д/ойын: «Көлеңкесін тап» Міндеті: түстерді, ажырата білуге дағдыландыру. (сенсорика негіздері-танымдық қызмет)	2 жас Қанат Мерген Ахметова Сания Амантай Әмина Талап Наркыз Жанар Аяулым Д/ойын: «Түсімен орналастыр» Міндеті: сенсорлық сезімдерін байыту, құрал-саймандармен жаттығулар жасау, жарманы қасықпен күйю, ұсақ моториканы дамытуға, қол қимылдарын үйлестіруге ықпал ету. (сенсорика негіздері-танымдық қызмет)	2 жас Бүркүтәлі Айлин Доскен Дияр Кошегулов Мират Марат Аяулым Талап Наркыз Д/ойын: «Не артық?» Міндеті: суреттерді топтастыру арқылы ойлау қабілетін дамыту. (сөйлеуді дамыту – ойын, танымдық және коммуникативтік қызмет)
Кешкі ас	Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою), Үлкендердің – көмекшінің, мұғалім мен аспаздың еңбегін құрметтеп, бағалауды үйренеді. Сөздік қоры: Рахмет.				

	<p>Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау.</p>			
Серуенге дайындық №2	<p>Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау «Киімді қалай киюге болады?» әңгіме Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек. (Сөйлеуді дамыту-коммуникативті қызмет)</p>			
Серуен №2	<p>Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған ортамен танысу, танымдық және зерттеу әрекеті), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, кимылды және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек әрекеті.</p>			
	<p>Кешен № 35 бекіту. Қимылды ойын: «Қасқыр мен лақтар» Міндеті: Белгі бойынша ұзындыққа секіруді жалғастыру(лақтар алаңда жүгіреді); жүргізуші қасқырдың көзіне түспей, алаңда жүреді. Ойын шартын бұзбау, ұсталғандары шетке шығады. (дене қозғалысы)</p>	<p>Қимылды ойын: «Күн мен бұлт» Міндеті: Шеңбер бойында жұппен тұруды жалғастыру, ойын ережесін сақтау. «Күн» деген сөзді естігенде қыдырып жүреді, ойнайды, «түн» сөзінде тығылады. (дене қозғалысы)</p>	<p>Қимылды ойын: «Жүгір-отыр-жүгір!» Міндеті: Белгі бойынша әрекет жасауды дамытуды жалғастыру. («Жүгір!»-балалар алаңда жүгіреді, «Отыр!»-отырады); жылдамдықты (бұйрықты тез орындау). Күнделікті белсенді қимыл әрекетті қалыптастыру. (дене қозғалысы)</p>	<p>Қимылды ойын: «Ағаштан ағашқа» Міндеті: Алға жылжу арқылы қос аяқтап секіре білуді бекіту.(кімде-кім аз секірсе сол, жеңімпаз) ойын барысында ойынды әділ бағалауға үйрету. Ойын барысында жолдастарымен ақылдаса білуді дамыу (дене қозғалысы)</p>
Балалардың үйіне қайтуы	<p>Ата-аналармен жұмыс: балалармен жасалған жұмыстар туралы әңгімелесу. «1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі күніне» орай іс шара өтті. Кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекет «Төрт түлік мал» Сөздік қоры: Сау болыңыз, Сау болыңыздар!</p>			

Тексерілді: 28.04.25 жоспар тексерілді; кеңес берілді.

Комиссия А.С. [Signature]